

Қарағанды облысы білім басқармасының Шахтинск қаласы білім бөлімінің
«Ә.Бөкейханов атындағы мектеп-лицейі» КММ
Педагогикалық әдеп кеңесі отырысының
№1 Хаттамасы

«07» 01 2022 ж.

Толық атауы: «Қарағанды облысы білім басқармасының Шахтинск қаласы білім бөлімінің «Ә.Бөкейханов атындағы мектеп-лицейі» КММ Педагогикалық әдеп кеңесі

Орналасқан жері: Шахтинск қаласы, Ленинградская көшесі 52А құрылысы.

Өткізілген орны: Қашықтық отырыс ZOOM бағдарламасы арқылы.

Қатысқандар:

Педагогикалық әдеп кеңесінің мүшелері:

1. А.Б.Жексембекова - төрайымы
2. А.К.Токенова
3. Т.А.Оспанова
4. А.М.Уманова
5. Ж.Абайдильдина
6. А.Нави
7. Р.К.Есенбаева

Хатшы – Ж.Ахмағанбетқызы

1. А.М. Есмағанбетов – директор
2. Н.М. Мухаметжанова – директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары
3. А. Тилеубек – директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары
4. М.Ж. Аккулова – директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары
5. А.Ж. Култасова – директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары
6. Ж.К. Белиспаева – директордың ақпараттық жөніндегі орынбасары
7. Ұ.Т. Жолшибекова – директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары
8. А.Т.Кумекова – директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары
9. Ж.А.Мухамедиева – мектеп психологы

Күн тәртібі:

1. Қазақстан Республикасы білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 11 мамырындағы №190 «Педагогикалық әдептің кейбір мәселелері туралы» бұйрығымен таныстыру. А.Жексембекова
2. «Педагогтің кәсіби іс-әрекетіндегі педагогикалық әдеп». Мектеп психологы Ж.Мухамедиева
3. Педагогикалық әдеп кеңесінің мүшелерін таныстыру, 2022 жылдық жоспарды бекіту. А.М.Уманова

Тындалды:

1-мәселе бойынша зейнеткер ұстаз, кеңес төрайымы А.Б.Жексембекова Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 11 мамырдығы №190 «Педагогикалық әдептің кейбір мәселелері туралы» бұйрығымен таныстырып шықты. Сонымен қатар, бұйрықтың 1-қосымшасы «Педагогикалық әдеп қағидалары», 2-қосымшасы «Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңестің жұмысын ұйымдастырудың үлгілік қағидалары» бойынша түсіндіріп кетті.

Сөз сөйлегендер:

Р.К.Есенбаева: - Мектеп педагогикалық ұжымын және жаңадан қабылдаған ұстаздарды Педагогикалық әдеп қағидаларымен таныстырып отыру керек, кез келген адамдардың ар-намысына тимеу, жеке парақшаларына кез келген заттарды сала беруді кою керектігін атап айтты.

ШЕШІМІ:

1. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 11 мамырдығы №190 «Педагогикалық әдептің кейбір мәселелері туралы» бұйрығының орындалуын басты назарға алынып, педагогикалық ұжымды және жаңадан қабылдаған ұстаздарды Педагогикалық әдеп қағидаларымен таныстырылсын.

Дауыс берді:

- «Иә» - 7
- «Жоқ» - 0
- «Қалыс қалды» - 0

2-мәселе бойынша мектеп психологы Ж.А.Мухамедиева өз баяндамасында төмендегі жайттарды тілге тиек етті. Әдептілік – ұлт психологиясының өзегі, адамгершіліктің бірегейі, халқымыздың ғасырлар бойы қалыптасқан қоғамдық санасының практикалық көрінісі, барлық кісілік қасиеттердің жиынтығы. Әдеп сақтау – әдептілік дәстүр. Сондықтан бала тәрбиелеу үрдісінде, ең алдымен мұғалім әдепті, тәртіпті, мәдениетті болуы тиісті деп айтып кетті.

Сөз сөйлегендер:

Ж.Абайдильдина: - Сәлем түзелмей, әлем түзелмейді дегендей – әдеп, аманшылық – амандасудан басталады. Білім сапасын арттырудың тиімділігіне қарым-қатынастың ықпалы зор. Мектеп жүйесінде қарым-қатынас үрдісінің негізгі нысаны оқушы болып табылады. Сондықтан мұғалім өзінің нашар көңіл күйін оқушыларға аудармауы керек. Осыдан барлық түсініспеушілік туындайды. Нәтижесінде оқушы мұғалімге, мұғалім оқушыға өкпелейді және кикілжің басталады. Бұның барлығы білім сапасын арттыруға кедергі жасайды,- деп дәлелді пікірлерін айтты.

А.Нави: - Мұғалім қазіргі қоғам талаптарын ескеріп, өзінің алдында педагогикалық міндеттерді қоя және шеше білетін, оқыту және тәрбиенің озық тәжірибені меңгерген, білім беру процесін басқара алатын, тәжірибеде педагогикалық ситуацияларды оқушы тұлғасының дамуына бағыттап жобалай және жүзеге асыра алатын бәсекеге қабілетті, шығармашыл тұлға болуы қажет, - деп өз ойын ортаға салды.

ШЕШІМІ:

2. «Педагогтің кәсіби іс-әрекетіндегі педагогикалық әдеп» баяндамасы қанағаттанарлық деп есептелсін.

Дауыс берді:

- «Иә» - 7
- «Жоқ» - 0
- «Қалыс қалды» - 0

3-мәселе бойынша зейнеткер ұстаз, кеңес мүшесі А.М. Уманова Педагогикалық әдеп кеңесінің 2022 жылғы жоспарымен және сол кеңестің мүшелерімен таныстырды.

Сөз сөйлегендер:

Т.А.Оспанова: - Көтермелеу, сыйлықтарды бөлу мәселелерінде мектептің кәсіподақ комитетімен жұмыс жасап жатырмыз. Егерде ұсыныстар болса кәсіподақ комитетіне өтінім жазу керектігін айтып кетті.


ШЕШІМІ:

3. Қарағанды облысы білім басқармасының Шахтинск қаласы білім бөлімінің «Ә.Бөкейханов атындағы мектеп-лицейі» КММ-нің педагогикалық әдеп кеңесінің мүшелері және 2022 жылға арналған жоспар бекітілсін.

Дауыс берді:

- «Иә» - 7
- «Жоқ» - 0
- «Қалыс қалды» - 0

Төрайымы
Хатшы



А.Б.Жексембекова
Ж.Ахмағанбетқызы